

2016-2018 жылдардың бюджетінің жалпы көлемі 10 608 470,0 мың теңгені құрайды. Оның ішінде 2016 жылғы аудандық бюджеттің көлемі 3 100 000,0 мың теңге.

Ағымдағы жылдың бекітілген бюджетін 2016 жылдың бюджетімен салыстырғанда 43 763,0 мың теңгеге өсіп отыр. Келесі жылғы бюджеттің әлеуметтік мәселелерге бөлінетін қаржысы, атап айтқанда білім беру саласына 2015 жылы 1 706 778,0 мың теңге бөлінсе, келер жылы бұл салаға 1 717 705 мың теңге бөлінбекші, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласына биылғы жылы 328 348,0 мың теңге қаржы бөлінсе, келер жылы әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ақпараттық насихат саласына 343 975,0 мың теңге бөлу көзделіп отыр.

Ауданның келер жылға арналған бюджеті Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджеттік кодексі негізінде және талаптарына сай жасалынды.

«2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айлық еңбекақының ең төменгі мөлшері 22859 теңге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақыларды және әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш 2 121 теңге мөлшерінде бекітілді.

Келер жылдың бюджетінің негізгі көрсеткіштерін атап өтетін болсам 2016 жылға арналған Байғанин ауданының бюджеті кірісі мен шығысы бірдей 3 742 470,0 мың теңге көлемінде болып отыр.

Бюджет түсімдердің 3 097 640,0 мың теңгесі салықтық түсімдер, 1 660,0 мың теңгесі салықтық емес түсімдер, 700,0 мың теңгесі негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, ал 642 470,0 мың теңгесі республикалық және облыстық бюджеттен түсетін арнаулы трансферттер.

2016 жылға жалпы мемлекеттік салықтардың аудан бюджетіне түсетін түсімдерінен облыстық бюджетке алып қоюлар 530 598 мың теңге көлемінде есептелінді.

Сонымен қатар келесі жылы да аудандық бюджетке түсетін табыс салығы мен әлеуметтік салықтың 50 пайызы облыстық бюджетке аудару белгіленіп отыр.

Бюджеттік салалар бойынша шығындарды талдайтын болсақ, онда:

Бірінші «Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» функционалдық тобы бойынша бөлінген қаржы 254 769,0 мың теңге.

Екінші «Қорғаныс» функционалдық тобы бойынша бөлінген қаржы 8 892,0 мың теңге.

Төртінші «Білім беру» функционалдық тобы бойынша бөлінген қаржы 1 717 705,0 мың теңге.

Алтыншы «Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру» функционалдық тобы бойынша бөлінген қаржы 156 624,0 мың теңге.

Жетінші «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық» функционалдық тобы бойынша қаралған қаржы 9 763,0 мың теңге.

Сегізінші «Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік» функционалдық тобы бойынша қаралған қаржы 187 351,0 мың теңге.

Оныншы «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық тобы бойынша қаралған қаржы 105 755,0 мың теңге.

Он бірінші «Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» функционалдық тобы бойынша қаралған қаржы 11 031,0 мың теңге.

Он екінші «Көлік және коммуникация» функционалдық тобы бойынша 18 086,0 мың теңге көзделіп отыр.

Он үшінші «Басқалар» функционалдық тобы бойынша қаралған қаржы 51 024,0 мың теңге.

Он бесінші «Трансферттер» функционалдық тобы бойынша қаралған қаржы 578 987,0 мың теңге.

Бюджеттің жалпы шығыстарын мақсаттарына сай талдайтын болсақ:

Еңбек ақы қорына 1 937 227,0 мың теңге немесе бюджеттің 62,5 пайызы;

Коммуналдық қызметтерге 116 300,0 мың теңге немесе 3,7 пайызы;

Азық түлік пен дәрі дәріліктер сатып алуға 11 759,0 мың теңге немесе бюджеттің 0,4 пайызы;

Әлеуметтік төлемдерге 82 907,0 мың теңге немесе 2,7 пайызы;

Бюджеттік алып қоюлар 530 598,0 мың теңге немесе 17,1 пайыз;

Басқа да ағымдағы шығындарға 402 832,0 мың теңге немесе 13,0 пайыз;

Материалдық техникалық базаны жарактандыруға 18 377,0 мың теңге немесе 0,6 пайыз;

Республикалық және облыстық бюджеттен нысаналы даму трансферттері келесі бағыттарға бөлінді:

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін 30 пайызға арттыруға РБ – 62 467,0 мың теңге,

Мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін 10 пайыз үстемеақы төлеуге республикалық бюджеттен – 470 686,0 мың теңге,

Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер беруге РБ – 38 178,0 мың теңге,

«Балапан» бағдарламасы бойынша мектепке дейінгі тәрбие жұмыстарын жүргізуге РБ 18 374,0 мың теңге,

Жергілікті атқарушы органдардағы агроөнеркәсіптік кешенінің бөлімшелерін күтіп ұстауға – 1 448,0 мың теңге,

Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде:

- жалақыны ішінара субсидиялауға - 2 848,0 мың теңге,
- кадрлардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға – 4 651,0 мың теңге,
- жастар практикасын ұйымдастыруға – 6 872,0 мың теңге,
- жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге – 12 502,0 мың теңге,
- көші-қонға субсидия беруге 574,0 мың теңге,

Мүгедектерді гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге РБ 4 000,0 мың теңге,

Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың құнын иелеріне өтеуге ОБ – 2 811,0 мың теңге,

Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беруге ОБ – 41 186,0 мың теңге,

Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуге – 13 988,0 мың теңге бөлінді.

Жергілікті бюджеттің негізгі шығыстары:

эпизотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 61 885,0 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 8 781,0 мың теңге,

Жетім баланы және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы күтіп-ұстауға қамқоршыларға ай сайынғы ақшалай қаражат төлеміне 6 080,0 мың теңге;

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға ықпал ету жөніндегі шараларды іске асыруға ауылдық округтерді жайластыру мәселесін шешуге 20 850 мың теңге.

18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақыларға 28 000,0 мың теңге

ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге 15 660,0 мың теңге, еңбекпен қамту бағдарламасына 56 513,0 мың теңге,

жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек беруге 29 419,0 мың теңге.

автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жұмыстарына 18 086 мың теңге,

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттерге 48 389,0 мың теңге қаралды.